



**Қазақстан Республикасы салық қызметі органдарының кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларға патенттер беру тәртібі туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 16 тамыз N 1126 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.07.22. N 1037 қаулысымен

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235 \_ күші бар Жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы салық қызметі органдарының

кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларға патенттер беру тәртібі туралы Ереже;

патенттер негізінде жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет түрлерінің Үлгі тізбесі бекітілсін.

2. Кәсіпкерлік қызмет түрлерімен айналысатын жеке тұлғалар үшін осы қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы салық инспекциясы органдарының патенттері негізінде жүзеге асырылатын жеке кәсіпкерлердің кәсіпкерлік қызметі түрлерінің Үлгі тізбесіне сәйкес патент алу, сонымен бір мезгілде оларды кәсіпкерлер ретінде тіркеу болып табылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 16 тамыздағы  
N 1126 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы салық қызметі органдарының  
кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларға  
патенттер беру тәртібі туралы

Е Р Е Ж Е

1. Заңды тұлға құрмай, жеке кәсіпкер ретінде кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тілек білдірген азаматтар өздерінің тұрақты тұратын орыны бойынша салық органына өздерін салық есебіне қою туралы жазбаша арыз береді.

2. Салық органдары өздеріне есепке қою туралы түскен арыздарды 10 күн ішінде қарайды.

3. Салық органдары қолданылып жүрген заңдарға сәйкес патенттің негізінде немесе декларацияның негізінде табыс салығын төлеудің тәртібін айқындайды.

4. Егер жеке кәсіпкер айналысуға ниет білдірген қызмет қолданылып жүрген заңдарға сәйкес лицензияланатын болған жағдайда, онда салық төлеу тәртібін айқындау мақсатында оған патенттер беру мен мұндай кәсіпкерді салық есебіне қою ол белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органнан лицензия алған соң жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.12.31. N 1746 қаулысымен. P961746\_

5. Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға арналған патент "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заң күші бар Жарлығының 138-бабына сәйкес қолма-қол ақшамен жұмыс жасайтын адамдарға беріледі.

Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері патенттер негізінде жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет түрлерінің Үлгі тізбесі негізінде жергілікті жағдайларға сүйене отырып, кәсіпкерлік қызметтің осындай түрлерін белгілейді және қызмет түрлері бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы бекіткен әдістеме бойынша патент мөлшерін бекітеді.

6. Патенттің бір салық жылы шегінде күші бар деп есептеледі. Лицензияларда бір жылдан кем мерзім көрсетілген жағдайларда патент осы лицензия күшінде болатын мерзімге беріледі.

7. Кәсіпкерлік қызметпен айналысу тоқтатылған кезде және басқа аудандағы немесе қаладағы тұрақты тұрғылықты орынға қоныс аударғанда патент осы құжатты берген салық органына тапсырылуы тиіс.

Күнтізбелік жыл ішінде кәсіпкерлік қызметпен қайтадан айналысқанда, сондай-ақ осындай қызметпен айналысудың түрі өзгергенде патент белгіленген жалпы тәртіпте қайтадан алынуы тиіс.

8. Патент қайтарып алынбайды, оны басқа адамға беруге тыйым салынады.

9. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заң күші бар Жарлығының 34-бабының 4-тармағына сәйкес мыналар патент үшін

т ө л е у д е н

б о с а т ы л а д ы :

жылына 480 еселенген айлық есептік көрсеткіш шегінде табысы бар Ұлы Отан соғысына қатысушылар және соларға теңестірілген адамдар, I және II топтағы мүгедектер және бала кезінен мүгедектердің ата-аналарының бірі;

жылына 240 еселенген айлық есептік көрсеткіш шегінде табысы бар III топтағы мүгедектер .

ЕСКЕРТУ. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.09.

N 987 қаулысымен. P960987\_

10. Азаматтар патенттерді толық емес жылға алған жағдайларда патент ақысы жеке тұлға кәсіпкерлік қызметтің белгілі бір түрімен айналысуға ниеттенген толық айлардың санына қарай алынуы тиіс. бұл орайда 15 күннен асатын қызмет толық күнтізбелік ай ішіндегі жұмыс ретінде қарастырылады.

11. Кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығына арналған патенті бар азаматтар осы қызмет түрімен айналысудан түскен табыстардан алынатын табыс салығын төлеуден және декларация беруден босатылады.

12. Патент үшін төленетін сома жеке тұлғалардан алынатын

табыс салығын есептеу үшін белгіленген тәртіпте жергілікті бюджет кірісіне есептеледі.

13. Кәсіпкер патентін жоғалтып алған жағдайда дәлелді себебі бар болса, салық инспекциясы оған патенттің көшірмесін береді.

14. Патенттің нысанын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы бекітеді.

15. Патент бланкаларын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы орталықтандырылған тәртіпте дайындап, облыстық және Алматы қалалық салық инспекцияларының тапсырыстары бойынша олармен барлық салық органдарын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 16 тамыздағы  
N 1126 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы салық инспекциясы  
органдарының патенттері негізінде жүзеге  
асырылатын жеке кәсіпкерлердің кәсіпкерлік  
қызмет түрлерінің

ҮЛГІ ТІЗБЕСІ

1. Халық тұтынатын тауарлар өндіру және сату жөніндегі қызмет:

киім және басқа тігін бұйымдарын тігу және сату;  
мех бұйымдарын тігу және сату;  
тоқыма бұйымдарын тоқу және сату;  
аяқ киім тігу және сату;  
галантерея бұйымдары мен бижутериялар жасау және сату;  
ойыншықтар мен кәдесыйлар жасау және сату;  
жасанды гүлдер мен азагүлдер әзірлеу және сату;  
қаңылтыр бұйымдар жасау және сату;  
жиһаз және басқа ағаш бұйымдарын жасау және сату;  
кілем және кілем бұйымдарын тоқу және сату;

2. Жеке тұлғалардың халыққа тұрмыстық қызмет көрсету саласына қатысты қызметтер:

металл бұйымдарын, тұрмыстық машиналар мен приборларды жөндеу;

радиотеледидар аппаратураларын жөндеу;

сағат жөндеу;

киім, аяқ киім, бас киім, мех, тігін және галантерея бұйымдарын жөндеу;

кесу аспаптарын жөндеу және қайрау;

суретке түсіру және басқа фото жұмыстары;

автомобильдерге және басқа көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

химиялық тазартулар;

монша-кір жуу қызметтерін көрсету;

шаштараз, сондай-ақ емдеумен немесе хирургиялық қызметпен байланысы жоқ массаж жасау және косметикалық қызметтер;

жеке автомобильдер және басқа көлік құралдары иелерінің азаматтарға көлік қызметін көрсету;

салтанаттар мен салт-дәстүр жиындарына музыкалық қызмет көрсету;

мәтіндерді аудару;

машинка басу жұмыстары;

музыка аспаптарын жөндеу және күйге келтіру;

қашап жазу жұмыстары;

дыбыс жазу.

3. Жеке тұлғалардың әлеуметтік-мәдени саласына қатысты қызметтері:

репетитор ретінде сабақ өткізу;

дене шынықтыру-сауықтыру қызметі;

медициналық және дәрігерлік қызметпен айналысу.

4. Басқа қызмет түрлері:

бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет;

тауар биржаларындағы кәсіби қызмет;

Қазақстан Республикасының кеден заңдарында көзделген кеден режимдерін жүзеге асыру жөніндегі қызмет шеңберіндегі кеден қызметін (кеден делдалдары) к ө р с е т у ;

инновациялық, консультациялық (заң консультациясын қоса) және оқытушылық қызметпен айналысу;  
әнші құстар мен басқа құстар өсіру және сату.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК